«Zerek» балабақшасы» МККК

# 2020-2021 оқу жылының қорытындысы туралы талдамалы есеп

Көкшетау 2021 ж.

## 2020-2021 оқу жылының қорытындысы туралы талдамалы есеп

**I.МДМ туралы ақпараттық анықтама**

Мекеменің атауы: Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «№ 20 «ZEREK» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын. Көкшетау қ., Ауезов көшесі, 119 үй.электрондық пошта zerek20@mail.ru

Қолданысқа енгізілген жыл: - 2019жыл.

ТҮРІ:Балабақша.

ТИП:типтік, жасақталған.

Бала бақшаның жобалық күші - 280 орын.

Жұмыс тәртібі: 8.00-ден 18.30-ға дейін, балалардың 10,5 сағат болуымен.

Жұмыс аптасының ұзақтығы – 5 күн.

МДМ басшысы туралы қысқаша ақпарат: мектепке дейінгі мекеме басшысы - Каппасова Аягоз Имангазиқызы. Жоғары білімді, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, «қазақ тілі және әдебиет» мамандығы бойынша 1999 жылы тәмамдаған. Жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, бұйрық №73 30.06.2017ж. Педагогикалық еңбек өтілі 27 жыл, меңгеруші лауазымында – 4 жыл. 2015 жылы Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжінде «Балапан» бағдарламасы бойынша 3 айлық курс өтті, біліктілігі «мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі».

Кадрлармен қамтамасыздығы:

Әдістемелік жұмысты 2 әдіскер жүргізеді: Рахмонбердиева Дилфуза Сапаралиевна, білімі жоғары, бірінші санатты, әдіскер жұмыс өтілі – 1 жыл, Капарова Жамиля Уалихановна – білімі жоғары , жоғары санатты, әдіскер жұмыс өтілі – 2 жыл.

Балабақшада 35 педагог және 3қоса атқарушы педагог қызмет атқарады. Олардың – 3 жоғары санатты, 1-педагог-эксперт,5 – бірінші санатты, 2-педагог модератор,9 - екінші санатты, 15- санатсыз. 21 педагог – жоғары білімді, 14 педагог – арнайы орта білімді. 1педагог сырттай университетте дәріс алуда.

Топтардың саны Балабақшада 12 топ жұмыс жасайды. Мемлекеттік тілді оқу- тәрбие өтеді.

Тәрбиеленушілердің контингенті: балабақшаға балалар 3-тен 6 жас аралығында келеді.

Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысы: мектепке дейінгі Типтік оқу бағдарламасы, педагогикалық технологияларды қолдану арқылы: ойын технологиялары және интеактивті- коммуникативті технологиялар, денсаулық сақтау технологиясы, тәжирибелік-эксперименталды және жобалау жұмыстары қолданылады.

Оқу қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандарты және мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің типтік ережелер негізінде жүзеге асырылады.

**Материалды-техникалық базасы:**

**Ғимарат**- 2 қабатты, типтік

**Жылу беру жүйесінің түрі** – орталықтандырылған.

**Сумен жабдықтау** – орталықтандырылған.

**Канализация** – орталықтандырылған.

Біздің ұжымның алдында – мектеп жасына дейінгі балалардың күнделікті өзгеретін өмірге тез бейімделуі мен толық дамуы үшін барлық қолайлы жағдай жасау міндеті қолға алынған.

2020–2021 оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Балабақша жұмысының басты жүйесі қауіпсіздік ережелерін сақтап, балаларға салауатты өмір құндылықтарын қалыптастыру.
2. Интерактивті ойын қызметі арқылы балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3. Балаларды ұлттық құндылықтарды, салт- дәстүрді біліп, сақтауға үйрету. Жалпы ұлттық «Мәңгілі Ел» идеясы және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуде ата- аналармен бірлесе жұмыс атқару.
4.МДМ материалдық базасын даму жоспарына сәйкес нығайту

**II. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру**

«Мектепке дейінгі кезең бала өміріндегі маңызды кезең болғандықтан балалардың денсаулығын күтумен, наукастануды алдын алу «Zerek»бала бақшасының міндеттерінің бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі кезеңде денсаулықтың негізгі кезеңдері қалыптасады. Бала өзін балабақшада калай сезінеді. кандай болып өседі. алдағы уақытта әдебиетке қызығама, шығармашылықпен. спортпен айналасатыны ересектерге байланысты.

ВОЗ анықтамасы бойынша –денсаулық –ол жай аурумен, физиологиалық кемшіліктердің болмауы емес. ол толық физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік қолайлы жағдайдың болуы.

Біз денсаулықтың толық сақталуы үшін қажетті жағдайлар жасауға тырысамыз, яғни, біздің міндетіміз-балабақшада болған кезде, оның толық дамуы мен денсаулығын сақтауға қолайлы жағдайлар жасау.

Осы бағытта ата-аналармен накты жұмыс жүргізілуде: ата-аналарға арналған кеңестер, санитарлы бюллетендер шығарылады, бұрыштар рәсімделеді, психолог пен медқызметкерлердің шақырылуымен ата-аналарға спорттық іс-шаралар өткізіледі.

Денсаулықты сақтау бойынша біздің барлық міндетіміз негізгі қағидалардан тұрады:

1. Барлық күйзеліс факторларын түсіру.
2. Оқу процессінің шығармашылық мінезі.
3. Шынығудың жүйелік жүйесі.
4. Қозғалыс белсенділігі.
5. Ата –аналармен бірлескен жұмыс.

Медициналық қызметкерлермен бірге сауықтыру жұмыстарының перспективті жоспары құрылады. Басты назар таңғы жаттығуға бөлінеді, ол тек балаларды ғана емес ата-аналарды да тәртіпке салады. Жаттығуды өткізген кезде тәрбиеші барлық әдістемелік әдістерді қолданады.

Күнделікті күз-қыс мезгілінде мұрын қуысы оксолин мазімен өңделеді, бірінші асқа сарымсақ, пияз беріледі, С дәрумендік алдын алу. Тұзды ерітіндімен жұтқыншақтың шайылуы жасалып отырады.

Өкінішке орай бізде бассейн жоқ, сондықтан жазғы уақытта аяқтарды жылы-салқын сумен аластырып шаю, ауа ванналары, арнайы кілемшелерде табан массажы, тыныс гимнастикасы, массаж, ояну гимнастикалары жасалады.

Баланың толық дамуы үшін пайдалы, тиімді тамақтану қажет. Ас мәзірін құрастырған кезде диетбике толық, үйлесімді тамақтануға назар аударады. Астың С дәрумендfestenуі, күнделікті шырындар, жемістер мен көкөністер беріліп отырады. Тәрбиеленушілерді сапалы тамақтандыру мақсатында бала-бақшада барлық жұмыстар ұйымдастырылған. 2017ж 17 тамыздағы №615 бекітілген бұйрық негізінде мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мекемесінде санитарлық –эпидемиологиялық талаптарға сай сақталады.

Балабақшада 5 мезгіл тамақтандыру ережесі ұйымдастырылған,таңғы ас,екінші таңғы ас,түскі ас,бесін,кешкі ас.Ас тарату тәртібі жас ерекшеліктеріне байланысты,және күн тәртібінің негізінде таратылыды.

Денсаулықты сақтау қызметінің мониторингі екі жылда келесі қорытынды көрсетті:

**2020-2021 оқу жылындғы денсаулықты сақтау қызметінің мониторингі**
**Мектепке дейінгі мекемеге балалардың қатынасуы мен науқастануының талдауы**

| | 2020-2021 ж. |
|---|---|
| Жалпы науқастану. | Барлығы- 280 |
| Созылмалы аурулары бар балалардың саны | 25 |
| Денсаулық тобы:<br>1 | 267 |
| 2 | 10 |
| 3 | 3 |
| 4-5 | - |

**Балалардың физиологиялық дамуы мен денсаулығы туралы ақпарат**

| | 2019-2020 оқу жылы | 2020-2021 оқу жылы |
|---|---|---|
| | Мектепке дейінгі жас | Барлығы<br>Мектепке дейінгі жас |
| Орташа тізімдік құрам | 280 | 280 |
| Науқастану жағдайларының саны | 180 | 140 |
| Жиі ауыратын балалардың саны | 15 | 10 |
| Денсаулық индексі | 78.75 | 52,5 |

| Аурулардың классификациясы | Балалар саны | |
|---|---|---|
| | 2020ж | 2021ж |
| Тыныс алу мүшелерінің аурулары | 1 | - |
| ЛОР мүшелерінің аурулары | 22 | 10 |
| Ас қорыту мүшелерінің аурулары | - | 1 |
| Несеп-жыныс жүйесінің аурулары | - | - |
| Тері және теріасты өзектерінің аурулары | - | - |
| Ішкі сөлініс бездерінің ауруы | - | - |
| Тірек қозғалыс аппаратының аурулары | - | - |
| ССС аурулары | 6 | 15 |
| ОЖЖ аурулары | 2 | -- |
| Көру мүшелерінің аурулары | - | 2 |
| ВСЕГО | 30 | 28 |

Ауру-сырқаудың талдауы 2020-2021 жылы келесідей қорытынды шығарды:
2021 жылы МДҰ қызметкерлерінің арасында ОРВИ ауруының төмендеуі байқалады. Жиі ауыратындар ортаңғы топтың балалары.

**Ұсыныс:**

Денешынықтыру мұғалімі мен бірлескен жұмыс,алдын-алу байқаулары, таңғы жаттығу, Тәрбиешілер балалардың жас ерекшелігіне және жеке ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасайды, денешынықтыру залы балалардың

қозғалысын дамытуға арналған спорттық құралдармен жабдықталған, салауатты өмір сүрудің маңызы туралы кеңестер өткізеді.

Біздің балабақшада балаларының дені сау болу үшін медбикелер ұстаздардың көмегімен қажетті жағдай жасауға тырысады. Осы бағытта ата-аналармен әртүрлі жұмыс жүргізіледі денсаулық бұрышы безендіріледі, спорттық сауықтыру іс-шаралары, ата-аналар жиналысы өткізіледі.

Уақытында ауырған балаларды анықтап жекелендіру. Сонымен қоса баланың толық дамуына дұрыс тамақтану керек: жеміс, көкөніс, шырын. Қышқыл сүтті тағамдарды қолданамыз.

Шешім: Денешынықтыру-сауықтыру іс-шаралары және кешенді алдын-алу шараларының нәтижесінде дене дамуының деңгейі, денсаулық топтары бойынша ауру-сырқау көрсеткішінің жағдайы оңтайлы.

Денсаулық жағдайының бағалауын өткізу бойынша талаптарға сәйкестігі – толық көлемде. Балалардың тамақтану нормасының орындалуы - 100%, Балаларды диспансерлеу толық көлемде жүргізілді.

Балабақшаның дене шынықтыру – сауықтыру жұмысын екі нұсқаушы қамтамасыз етеді.

Балабақшада: -спорт залы (швед стенкасы, гимнастикалық доптар, обручтар, секіргіштер, тренажерлар, шаңғылар және самокаттар т.б;

-ауада шағын-стадион

Жыл бойы дене шынықтыру нұсқаушысы «Көңілді старттар», «Қысқы қызықты ойындар», «Эстафета ойындары», «Денсаулық жолы» атты іс-шаралар өткізді.Дене шынықтыру нұсқаушысы №12 «Еркежан»тобымен бірлесе «Ғарыш әлемі» атты кіріктірілген ұйымдастырылған оқу қызметін өткізді. Оқу жылының басы мен соңында барлық жастағы топтарда бақылау нормативтері алынды.Дене шынықтыру нұсқаушылары жыл соңында қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетіп,балалардың даму мониторингі мен диаграммасын жасады.

**III.Педагогикалық кадрлармен жұмыс істеудің талдауы**

Бақшада 35 педагог жұмыс істейді. Олардың ішінде жоғары біліммен Жоғары білімді-60% (21 педагог).

оның ішінде жоғары мектепке дейінгі – 6% (2 педагог);

арнайы орта - 40% (14 педагог).

оның ішінде орта арнайы мектепке дейінгі – 34% (12 педагог).

*Санаттар бойынша:*

жоғары біліктілік санаты бар 3 педагог - 9%,

I біліктілік санаты бар 5 педагог - 14%,

Педагог- эксперт- 1 педагог - 3%,

II біліктілік санаты бар 9 педагог - 26 %,

Педагог- модератор-2 педагог- 5%

Санатсыз 15 педагог - 43 %.

Жыл бойы курстық қайта даярлаудан 4 педагог өтті, «Балапан» бағдарламасы бойынша 3 айлық курс өткен 1 педагог, бұл педагогтардың жалпы санының 14% құрайды.

10 педагогты курстық қайта даярлау жоспарлануда

| Көрсеткіштер | 2019- 2020 оқу жылы | 2020- 2021оқу жылы |
|---|---|---|
| Кадр жинақтау | 33 | 35 |
| Білім деңгейі | Жоғары -18 - 56%<br>Орта арнаулы-16- 44% | Жоғары -21- 60%<br>Орта арнаулы- 14- 40% |
| Біліктілік деңгейі | Жоғары – 8- 21%<br>1 санат- 3- 8%<br>2 санат – 9- 25%<br>санатсыз-19 -50% | Жоғары- 3- 9%<br>1 санат- 5- 14%<br>педагог- эксперт- 1- 3%<br>2 санат -9- 26%<br>педагог- модератор-2- 5%<br>санатсыз-15- 43% |

| | | |
|---|---|---|
| Еңбек өтілі бойынша деңгейі | 5 жылға дейін-<br>15 -45 %<br>5-10 жыл 6 - 19%<br>10-20 жыл 8 - 24%<br>20ж жоғары- 4-12% | 5жылға дейін –16 -46 %<br>5-10 жыл 5 - 15 %<br>10-20 жыл 10- 28 %<br>20ж жоғары 4- 11% |

Балабақшада оқу-тәрбие процессінің сапасын көтеру үшін келесі әдістемелік жұмыстар жүргізіледі:

-сапалы циклограммалар жазылуымен, жаңа инновациялық технологияларды еңгізу негізінде ұйымдастырылған оқу қызметі сапалы өткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде;

- кезеңдік басылыммен, жаңа әдістемелік әдебиеттермен педагогтарды қамтамасыз ету;

- қалалық, облыстық іс-шараларға, жоспарланған семинарлар мен кеңестерге қатысу ұсынылады;

-мектепке дейінгі жалпыға мемлекетті стандарт талаптарын жұмысқа еңгізу және үлгілік бағдарламаны оқып білу.

- жаңа технологияларды оқып білу және жүзеге асыру көмегімен педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру бойынша жұмыс (жобалық қызмет);

Біліктілікті көтеру курстарынан 5 педагог өтті Ш.К. Махамбетова, С.Б.Абилькадирова, Ш.Е. Айтеева, А.А. Тулегенова (1 «Балапан» бағдарламасы бойынша, А.Б.Олжабек).

Педагогтарға арналған қалалық тамыздық конференцияға Г.А.Альпеисова, Г.М. Мажитова. А.А. Тулегенова.А.С. Нурбекова қатысты.

15 педагог «Мектепке дейінгі жастағы балалрдың оқу қызметін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері»,8 педагог «МДҰ-да STEM технологияларды енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында курс өтіп сертификат алды.

Жас мамандарға оқу үрдісінде теориялық және практикалық сұрақтар туралы әдістемелік көмек пен жеке кеңестер өткізуді ұйымдастыру. Жас мамандарды педагогикалық ізденістерге үйрету, шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу қызметіне қойылатын талаптарды меңгеру мақсатында жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді. Абилькадирова С.Б. - Бейсенбаева А.О., Молдакулова А.Б.-Кумакаева Ж.К., АйтееваШ.Е .-Үсен Г., Альпысова А.Ж.- Раева М.М., Мажитова Г.М.- Лақай А. А.,Кибатова Б.Ж.- Гиззатов А.Ж.,Гомбо С.- Олжабек А.Б.,Асылбекова С.А .-Бостандыкова П.Ж.,Ахметова Ж.Е.-Кравченко А.П. Мектепке дейінгі білім ұйымдарының арасында онлайн форматта «Жас маман мен тәлімгер » қалалық байқауы өтті.Байқауға біздің балабақшамыздың атынан тәрбиешілер тәлімгер Айтеева Шынарай Ерденқызы мен жас маман Лақай Айгерім Азаматқызы қатысып жүлделі ІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қалалық «Қазақ тілінің білгірі-2021» қалалық байқауы өтті.Байқауға жас маман, өзге ұлт өкілі Кравченко Анастасия Петровна қатысып , «Бас жүлдені» иеленді.

Осы оқу жылында педагогтар мен тәрбиеленушілер әр түрлі облыстық және қалалық конкурстарға қатысып келесі марапаттарға ие болды:

-Бас жүлде «Қазақ тілінің білгірі»қалалық байқау тәрбиеші Кравченко А.П

-І дәрежелі Диплом «Менің халқымның тарихы» (педагогигалық ұжым)

-І дәрежелі Диплом «Тәуелсіздік ел тұғыры»мәнерлеп оқу сайысы №7 «Ботақан»мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Кайыргелді Әмір

-І дәрежелі Диплом Фотоколлаж «Ханталапай» интелектуалдық ойын тәрбиеші Молдакулова А.Б

-ІІ дәрежелі Диплом «Табиғат-біздің ортақ үйіміз»

-ІІІ дәрежелі Диплом Балабақшадағы ғылымның STEM технологиясы тәрбиеші Тулегенова А.А

-ІІ дәрежелі Диплом «Жас маманмен тәлімгер» тәрбиешілер Айтеева Ш.Е.,Лақай А.А

-ІІІ дәрежелі Диплом «Менің Қазақстаным» сурет байқауы №12«Еркежан»ересек тобының тәрбиеленушілері Амантай Айзере, Башар Айжан

-Сертификат «Таланттар достығы»қалалық байқауы
-Сертификат «Үздік педагог-2021»қалалық байқауы орыс тілі мұғалімі Нурбекова А.С

**IV. Білім беру процесін ұйымдастыру**

Жоспар бойынша 5 педкеңес және 4 әдістемелік кеңес өтті.Балабақшада МДҰ әдіскерлерінің қалалық семинары өтіп Г.М. Мажитова,Ш.Е.Айтеева, А.К.Бершимова «Zerek» балабақшасының инновациялық режимдегі жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

**2019-2020 оқу жылының бастапқы мониторинг нәтижелері туралы жиынтық есеп**

| Барлық балалар саны | Ідеңгей | ІІдеңгей | ІІІдеңгей |
|---|---|---|---|
| 250 | 129 – 52 % | 119 – 47 % | 2- 1 % |
| Бастапқы | | | білім сапасы – 48% |
| 272 | 92 – 34 % | 175- 64 % | 5- 2 % |
| Аралық | | | білім сапасы – 66% |
| 279 | 40- 14% | 170- 61% | 69- 25 % |
| Қорытынды | | | білім сапасы – 86% |

**2020-2021 оқу жылының бастапқы мониторинг нәтижелері туралы жиынтық есеп**

| Барлық балалар саны | І деңгей | ІІ деңгей | ІІІ деңгей |
|---|---|---|---|
| 277 | 55- 20% | 194 - 70% | 25- 10% |
| Бастапқы | | | білім сапасы 80 – % |
| 278 | 24- 9% | 177-64 % | 77- 27% |
| Аралық | | | білім сапасы 91 % |
| 279 | 13- 5 % | 142- 51% | 124– 44 % |
| Қорытынды | | | білім сапасы 96% |






Балалардың танымдық дамуын қамтамасыз ету үшін бала бақшада:«Робототехника», «Интерактивті скалодром», «Интерактивті құм жәшігі», «Сенсорика»,«STEM» заманауи кабинеттері, сонымен қатар интерактивті панель «Alleo» құрылғысы жұмыс жасайды.Инновациялық технологиялар балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылықпен еңбектенуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар біздің педагогтар ұйымдастырылған оқу қызметтерінде дамыта оқыту, Воскобович,АКТ,ТРИЗ,Монтесорри технологияларының элементтерін кеңінен қолданады.Бүгінгі күнде ұмыт болып жатқан асықтарды заманауи үлгіде пайдалану балалардың тәрбие мен білім алуға деген қызығушылықтырын арттырады.Балалармен тек тәрбиешілер ғана емес, информатика және орыс тілі мұғалімдері, музыка жетекшілері хореограф мамандары балалардың жан--жақты дамыуна өз үлестерін қосып тәрбиелеу үстінде.Логопед маманы баланың сөйлеуін тұтастай дамыту, артикуляциялық моториканы дамыту, физикалық және сөйлеу есту қабілетін дамыту, сөздік қорын молайтуға үлес қосады. Әлеуметтік орта туралы көз қарастарын кеңейту үшін балабақша Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі және М.Мақатаев атындағы библиотекамен тығыз жұмыс жасалды

**Мектепалды даярлық топтары балаларының мектепте оқуды бастауға дайындық деңгейінің талдауы .**

Балалардың мектепте оқуды бастауға дайындығының деңгейін бағалау мақсатында Керн Ийерасика әдісі бойынша психологиялық диагностика жүргізілді. Берілген тапсырмалар оқу үрдісіне қалыптасу деңгейін бағалайды:

| № п/п | Мектепалды топ | Топтағы бала саны | Зерттелген бала саны | Деңгей | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дайын | Шартты дайын | Шартты дайын | Дайын емес |

| | | | | | | | | емес | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | №7 мектепалды даярлық топ | 24 | 24 аралық | 20 қоры-тынды | 20/ 80 % (ара) | 18/ 90 % (қор) | 4/ 20% (ара) | 2/10% (қор) | - | - |
| 2. | №9 мектепалды даярлық топ | 24 | 24 аралық | 19 қоры-тынды | 20/80% (ара) | 17/ 90% (қор) | 4/20% (ара) | 2/10% (қор) | - | - |
| 3. | №10 мектепалды даярлық топ | 24 | 24 аралық | 10 қоры-тынды | 15/ 63 % (ара) | 7/70% (қор) | 9/ 37 % (ара) | 3/30% (қор) | | |
| 4. | №11 мектепалды даярлық топ | 24 | 24 аралық | 17 қоры-тынды | 18/75% (ара) | 15/ 88 % (қор) | 6/ 25% (ара) | 2/ 12% (қор) | | |
| Барлығы: | | 96 | 96 | 66 | 76% | 86% | 24% | 14% | | |

Тәрбиеленушілердің психологиялық дайындығы мектептегі үнемі білім алуы үшін 86% көрсетті. Жалпы алғанда қорытынды қанағаттанарлық деп санауға болады, өйткені дайындық статусы аралық зерттеу кезінде 73 бала, қорытынды зерттеу кезінде 66 бала қатысты 57 дайын, ол 86% құрайды,шартты дайын саны 9 ,ол 14% құрайды. Аралық зерттеу кезінде балалар тестке оң көзқараспен қарайды, тапсырмалар кішігірім қиындық туғыздыкөп көмек көрсетуге тура келді.. Тапсырмаларды орындау кезінде балалар өздерін еркін сезініп, қызығушылық танытты. Қорытынды зерттеу кезінде тапсырмалар күрделенді .бірақ балалар жақсы деңгейде орындап жоғары көрсеткіш көрсетті.Диагноз нәтижесінде балалардың көпшілігі мектепке дайын екеніанықталды.Ұсынымдар: "Даму тобындағы" оқушылардың мұғалімі мен ата-аналары балаларды мектепке дайындау, зияткерлік саланы дамыту және арнайы жаттығулардың көмегімен ерікті назар аудару.

2021ж. қыркүйек айында 25 бала логопунққа қабылданды. Мектеп алды даярлық топтан 8 бала, ересек топтан 7 бала, ортаңғы топтан 10, ол баланың физиологиялық ерекшеліктеріне негізделген. Оның ішінде ЖСТД- 1 денгейінде 2- бала, ЖСТД- 2-3 денгейінде 9- бала, ФФТТ- 14 бала қабылданды. Жыл соңында 10 бала (40%) жақсы нәтижемен шығарылды, 15 бала қалды оның ЖСТД- 2-3 денгейіндегі балалардың жақсарылғаны 12 бала (48%), шамалы өзгеріспен 8 бала (16%) келесі жылға қалдырылды.

Жыл бойы ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасалынды кенестер, тапсырмалар беріліп отырылды. Кеңестер: «Мектеп жасына дейінгі балалардағы тілдің даму мәселесі», «Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдерінде не нәрсеге назар аудару керек», «Тілді қалай дамытуға болады?»

Логопед өз біліктілігін арттыру мақсатында 2019-2021 оқу жылдары аралығында курстарға қатысты.

«Мектепке дейінгі мекемелерде Арт – терапия технологиясын қолданудың негіздері» (08.06.2020ж.)

«Характристика речевых нарушений детей с ДЦП» (18.04-19.04.2020ж.)

«Bilimder.kz республикалық білім порталында өз еңбегін жариялау арқылы , Қазақстан аумағында өз тәжірибесімен бөлісті. Тақырыбы:«Мамандықтар», (25.05.2020ж.)

Жылдық жұмыс қорытындысы бойынша педагогтардың әдістемелік жұмысын қанағаттанарлық деп санауға болады. Педагогикалық қызмет монитрингісінің жүйесін қолдану арқылы, педагогтардың кәсіби өсуі бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара қарым-қатынасының талдауы

Жетістіктер мен табыстарға жету ата-аналармен жұмыс істеу арқылы анықталады. Балабақшада баланың дамуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Ата-аналар оқу-тәрбиесінің қатысушылары болғандықтан отбасылық газеттер шығарады, экологиялық акциялар мен қалалық байқауларға қатысады

Педагогтар мен ата-аналардың өзара-қарым-қатынасының тиімділігі ортақ мерекелер мен бос уақыттардың ұйымдастырылуы болып табылады («Күзгі бал», жаңа жылдық ертеңгіліктер, Отан қорғаушылар күні, Наурыз).

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруда басты рөлді көрнекі ақпаратқа аударамыз. Оның басты мақсаты –ата-аналарды МДҰ тәрбие беру әдістерімен, мазмұнымен, міндеттерімен таныстыру, отбасына тәжірибелік көмек көрсету. Ата-аналарға ақпарат «Сіздер үшін ата-аналар» стендтарында жарық көрді. Балалардың жұмыстарын көру ата-аналарда үлкен қызығушылық тудырады. (сурет салу, жапсыру, табиғи материалмен құрастыру). Тәрбиешілер ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу формалары туралы тәжірибе алса, ал ата-аналар біздің бақшамыздың өмірі туралы, тәрбиеленушілердің оқып, тәрбие алуы туралы көп қызықтарды білді. Ата-аналар балалардың ойындару, балабақшаға бейімделуі, мектепке дайындығы туралы кеңестер мен тәжірибелік білім алды.

Қорытындылар:

1.МДҰ-дағы білім беру қызметі жеткілікті деңгейде іске асырылады, мониторинг көрсеткіштері бойынша білімді меңгерудің өсуі байқалады. Педагогтердің заманауи педагогикалық технологияларды сауатты қолдануы, білім беру салаларын ықпалдастыру балалардың сапалы білім алуында жақсы динамиканы көрсетті.

2.Балабақша педагогтары педагогикалық құзыреттілікті жүйелі түрде арттырады.

3.Балабақша ұжымының алдында тұрған жылдық міндеттер толығымен орындалды.

Ұсынымдар:

1.Балабақша қызметіне жүргізілген талдау келесі бағыттарда жұмысты жалғастыруды көрсетті:

- балалардың қозғалыс белсенділігін арттыратын ортаны ұйымдастыру арқылы денсаулықты сақтау және нығайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;

мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-сөйлеу құзыреттілігін дамыту;

"Рухани жаңғыру" жалпыұлттық бағдарламасы негізінде балаларды рухани-адамгершілік, толерантты және патриоттыққа тәрбиелеу.

2.Қалалық, облыстық, республикалық деңгейлерде түрлі іс-шараларға қатысуға педагогтарды тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру. Жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру жолында педагогтардың белсенді өмірлік ұстанымын дамытуға ықпал ету.

3. Интерактивті кабинеттерді үнемі қолданып ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізіп отыруды жалғастыру.